

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Театр өнері» факультеті «Актерлік шеберлік және режиссура» кафедрасының докторанты Асқар Әкімбектің 6D040600 – «Режиссура» бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» атты докторлық диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Докторлық диссертацияның «Мұхтар Әуезов шығармашылығы және ұлт театрының қалыптасу жолы» деп аталатын бірінші бөлімінің «М.Әуезовтің жазушылық шеберлігінің қалыптасуы мен пьесаларының көркемдік ерекшеліктері» деп аталатын бірінші тарауы көрнекті жазушы, драматург, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің рухани мұрасын зерттеген теоретик-ғалымдардың тұжырымдарын анықтауға арналған. Драматургтың өткен ғасырдың басында басталған шығармашылығы, қазақ даласында пайда болған драматургия мен театр өнерінің дамуы жолындағы орасан зор істері кеңінен қамтылады. Кемеңгер жазушының пьесаларындағы түрлі ситуацияда тоғысқан тағдырлар мен мінездер қақтығысын, сырлы сезімдерді, қоғамдық шындықты, адам болмысының қырлы қатпарларын ашудағы ұтымды әдістері зерделенген. Мұнда А.Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезов» атты зерттеуінде «Еңлік – Кебек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Бекет», «Түнгі сарын», «Айман – Шолпан», «Алма бағы», «Шекарада», «Қарақыпшақ Қобыланды», т.б. пьесаларын талдағандығы кеңінен айтылады. 1919 жылы семинарияны бітіргеннен кейін шығармашылыққа бірыңғай бет бұрған М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясының ұлттық драматургиядағы ең алғашқы кәсіби пьеса екендігіне баса назар аударылған.

Автордың бұл пьесаға төрт рет қайта оралып, айтарлықтай өзгертулер енгізгенін тереңнен зерттеп, соның нәтижесінде «Мұхтар Әуезов және театр» деп аталатын іргелі еңбегін жарыққа шығарған театртанушы-ғалым Бағыбек Құндақбайұлының тұжырымдарын талдаған. З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» романында Мұхтар Омарханұлының бейнесін көркемдік негізде шебер сомдағаны сараланған. Р.Нұрғалиұлының «Трагедия табиғаты» атты монографиясында «Еңлік – Кебек», «Бәйбіше – тоқал», «Қарагөз», «Түнгі сарын», «Абай» трагедияларын терең талдағанына ерекше тоқталады. Сондай-ақ, М.Әуезовтің XX ғасырдың отызыншы жылдарда жазған «Тас түлек», «Тартыс», «Алма бағында», «Шекарада» пьесаларына тоқталған С.Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очеркі» деп аталатын кітабында кеңес адамдарының мінездік сипаттарын жаңаша суреттеп берген шығармалар ретінде қарастырғаны назардан тыс қалмаған. Қ.Қуандықовтың «Тұңғыш ұлт театры», «Театрда туған ойлар» атты ғылыми еңбектері өткен ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдары қойылған спектакльдердің көркемдік деңгейін анықтауда және рецензиялар жазуда, актерлік портреттер түзуде бүгінгі жас жеткіншек театртанушылар үшін таптырмас еңбек болып

отыр. З.Ахметовтің ұлы жазушының 80 жасқа толуына ұйымдастырылған халықаралық конференциядағы «Мұхтар шығармашылығын зерттеу мәселелері» атты баяндамасында тек «Абай жолы» жайында жазылған дүниелердің өзі том-том зерттемелерге айналғанын айтқан.

Аталған бөлімнің «Ұлттық театрдың кәсіби дамуына М.Әуезов драматургиясының ықпалы» деп аталатын екінші тарауында жазушының «Еңлік – Кебек», «Қарагөз» «Бәйбіше – тоқал» пьесаларында көтерілген қоғамдық-адамзаттық мәселелерге, олардың идеясына маңыздылық беріледі. Зерттеуші «Түнгі сарын» трагедиясы жөнінде «Қазақ болыстары мен олардың маңайындағылардың сатқындық әрекеттері, шен мен атаққа сатылып, қарапайым халықтың тағдырын аяққа таптауы, саяси-қоғамдық ащы шындық осы шығармада келісті өрілген» деп тұжырымдайды. Сол сияқты «Абай» трагедиясының жазылу тарихы, сахнаға қойылу үрдісі, ондағы кейіпкерлер тартысының туындау желісі кеңінен талданған. Мұнда «Хан Кене» тарихи пьесасындағы Кенесары ханның патша жендеттерінің қысымына қарсылығы, жалпы пьесаның қудалауға ұшырау себептері тарихи дәлділікпен талданған. А.Әкімбек осы тарауды әдебиеттанушы, ғалым Келіс Рахымжановтың: «...«Хан Кенені» көркем әдебиетімізде алғаш рет қазақтың азаттық үшін күрес шежіресін, тәуелсіздік мәселесін көтерген шын мәніндегі ауыз толтырып айтарлық сахналық шығармасы, тарихи драмасы дейміз» деген сөзімен қорытындылайды.

Диссертациялық жұмыстың «М.Әуезов шығармаларын сахналаудағы режиссерлік интерпретация мәселелері» атты екінші бөлімінің «Қазақ-кеңес театр режиссурасының М.Әуезов пьесаларын сахналаудағы ізденістері» деп аталатын бірінші тарауында жазушының драмалық шығармаларын алғашқы қоюшылардың бірі ретінде С.Қожамқұловты атап өтеді. Одан әрі «Еңлік – Кебекті» сахналаған М.Г.Насонов шешімдерінің сәтсіз болу себептері анықталады. «Қарагөз» трагедиясын қойған Қ.Жандарбековтың қойылым оқиғасындағы табиғи дәлдіктердің, ұлттық дәстүрлердің барынша берік сақталғанын айтады. Қарагөз роліндегі З.Атабаева мен Сырымды кескіндеген Қ.Жандарбеков ойындарының көркемдік жинақылыққа құрылғанына, актерлердің өз рольдерін жете түсініп, терең меңгергеніне назар аударған. М.Әуезовтің осы трагедиясын 1963 жылы қойған А.Л.Мадиевскийдің режиссерлік шешімдерінің ұтымдылығы кеңінен талданады. С.Майқанова (Мөржан), З.Шәріпова (Қарагөз) және Ш.Мусин (Сырым) тандемінің спектакльді зор табысқа жеткізгенін, махаббат пен өнер құдіретінің биік деңгейге көтерілгенін нақты дәлелдермен жазған. Сондай-ақ, Ю.Л.Рутковскийдің режиссурасымен қойылған «Түнгі сарын» спектакліндегі Қ.Қуанышбаев (Тәнеке), Ш.Айманов (Казанцев), Қ.Бадыров (Мұғалім), Е.Өмірзақов (Жантас), К.Қармысов (Нұрқан), М.Шамовалардың (Жүзтайлақ) шебер ойындары да кеңінен талданған.

Драматург тарапынан әр жылдарда өзгеріске түсіп отырған «Еңлік – Кебектің» үшінші нұсқасын сахналаған А.Тоқпановтың шешімінде Абыздың әлеуметтік орны үлкен. Мұндағы С.Телғараевтың Жапалы, М.Сыздықовтың

Есені қойылымды трагедиялық биікке көтерген. Ал, М.И.Гольдблаттың режиссурасында Есен образының жаңаша сипат алғандығы, Кебекпен тайталасқа қаймықпай түсетін батыр кейпінің алға шыққандығы сараланған. Ы.Ноғайбаевтың Есені сыпайы мінезді, сауықшыл бозбала Кебек – Н.Жантөринге контраст ретінде бейнеленеді. Сондай-ақ, Ш.Жандарбекованың Еңлікті нәзік, сыпайы мінезді, бойында әйелдік қасиеті басым етіп кейіптегені, ал Б.Римованың Еңлігінде өрліктің басым болғандығы кеңінен айтылады. Еспембеттің (С.Қожамқұлов) қыңыр, қатыгез, безбүйрек болып ғана қоймай екі ұдай сезім арпалыстарын бастан кешетіні, Көбей (Қ.Қуанышбаев) сөзінің де, жүріс-тұрысының да байсалдылықты, ойлылықты аңғартқаны назардан тыс қалмаған. Жалпы «Еңлік – Кебек» трагедиясында бастысы махаббат сезімі емес, керісінше ел, ру басындағы трагедияның бірінші орында тұрғандығы негізге алынған.

Батырлық эпосты шығармашылық көркемдік әдіспен игерудің тың үлгісі «Қарақыпшақ Қобыланды» драма-дастанының мазмұнынан, сауатты құрылған драмалық құрылысынан көрінеді. Мұны 1944 жылы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында қойған режиссер Б.Лурьенің спектакльді интермедиямен бастауы, көріністердің қиял-ғажайыпқа толы ертегілік, аңыздық нұсқада өрілуі тарихи дәлділікпен зерделенген. Сол сияқты С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрында режиссер М.Қосыбаев пен суретші Т.Фаюткиннің шығарма атмосферасын қаһармандық драма үлгісінде шешкендігі, жарықты ұтымды пайдаланғаны жан-жақты талданады. Мұны зерттеуші «Әсіресе, Қобыланды мен Қараман Құртқаны құтқарып алуға келгенде қараңғылық басқан ортада ашық түсті шұғылалы сәулелердің пайда болуы эпостағы күйді береді» деген жолдармен жеткізеді.

Аталған шығарманы сахналаған Я.С.Штейн мен Қ.Бадыровтың спектакльді ертегі, аңыз үлгісінде шешкені, пьеса идеясын тәңіршілдікпен ұштастырғаны кеңінен талданған. Ә.Мәмбетовтің «Қобыланды» спектаклін қаһармандық драма үлгісінде трактовкалағаны да зерттеушінің назарынан тыс қалмаған. Ол «Оның себебі драматург «Қарақыпшақ Қобыланды» оқиғасын XIII ғасырда, монғол басқыншылығы кезінде болған деген мәлімет келтіргендіктен де монғол әскері күйреткен Отырар шаһарының тарихымен ұштастырып отырғаны заңды» деген ой түйеді. М.Әуезовтің «Абай» трагедиясын ең алғаш қазақ сахнасына шығарған А.Тоқпанов үшін шығарманың тарихын тереңнен қазу, әлеуметтік және сахналық шындықты табу басты мақсат болғандығына назар аударылған. Режиссердің қойылымды тарихи және этнографиялық дәлдікпен шешуді мақсат еткендігі, К.С.Станиславский мен Вл.Немирович-Данченко салған сара жолды ұстанғандығы сөз болады.

Аталған бөлімнің «М.Әуезов пьесаларының ұлттық режиссураны дамытудағы ролі» деп аталатын екінші тарауында «Еңлік – Кебек» трагедиясындағы (реж. Жанат Хаджиев, суретші Ерлан Тұяқов) атыс-шабыстың, аттың ышқына кісінеген даусының қазақ бастан кешкен қиын

кездерден хабардар бергендігі айтылған. Мұнда режиссердің ел тыныштығын көксеген Нысан абыздың (Қ.Тастанбеков) образына маңыздылық бергені айтылады. А.Әкімбектің талдауынан Б.Қаптағай (Есен), Е.Білал (Кебек), Ж.Маханов (Жапал), М.Омар (Еңлік), А.Омар (Кеңгірбай), Б.Әбділманов (Еспенбет), Д.Ақмолда (Жәуетей) ойындарының жоғары деңгейге көтерілгенін байқаймыз. Ал, «Айман – Шолпан» музыкалық комедиясын қойған Е.Обаевтың сахнаның безендірілуін, костюмдерді, әрбір бутафориялық заттар мен әшекей бұйымдарды ұлттық нақышта әрлегені құптарлық жәйт. Ұлттық шығармалардың ерекшеленіп тұруы да осы негізге саятыны заңды. Өйткені, бұл үрдіс қазақ көрермендеріне барынша жақын.

Зерттеуші Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театрының репертуарындағы «Абай» спектаклін талдауды назардан тыс қалдырмаған. Ұлы ақынның әлемін тануға, оның өмірінің кейбір кезеңдерін шынайы суреттеуге Ә.Оразбековтің өзіндік ізденіспен келгенін барынша нақты ашып берген. Спектакльді дәстүрлі үлгіде сахналаған режиссердің Абайдың азаматтық борышы мен дүниетанымдық көзқарасына ерекше көңіл бөлгендігі де қарастырылады. Зерттеуде режиссердің Абай әлемін жете түсінуде, оның әлеуметтік ортасын, дүниетанымдық көзқарасын терең зерттеп, ақынның гуманистік ой-мақсаттарын аңғару жолында шығармалық терең ізденістерге барғандығы байқалады.

Тарауда М.Әуезовтің «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесасын бас театрдың сахнасына 2019 жылы қойған Н.Жақыпбайдың аталған туындыға жаңа қырынан келгендігі, оның дәстүрлі қойылымды қайталамауға барынша тырысқаны айтылған. Мұнда сарт-сұрт шабыс, сөз қақтығысы бар, психологиялық ой-толғаныс басым. Қойылымның темпоритмін сөз драматургиясынан бөлек сахна пластикасы мен би ұстап тұрады. «Көклан мистикалық бейне болғандықтан бұрынғы қойылымдарда сол кезеңнің түсінігіне, қоғамдық көзқарасына байланысты жағымсыз кейіпкер ретінде көрсетілсе, Н.Жақыпбай оның өз трагедиясы бар, тағдыры бөлек, мәңгі жасайтын көріпкел ретінде кескіндеген. Мұны режиссердің жаңалығы деп білеміз» дейді докторант.

Ғылыми-зерттеу жұмысының «М.Әуезов шығармаларының заманауи қазақ театрының дамуына ықпалы және жаңашылдық» атты үшінші бөлімінің «Тәуелсіздік кезеңіндегі М.Әуезов пьесаларының сахналық трансформациялануы» деп аталатын бірінші тарауында Б.Атабаев қойған «Қарагөз» спектаклі кеңінен талданады. Зерттеуші режиссердің сахна төрінде жатқан Қарагөздің мәйітінен аттап өткен көпшілік арқылы бүгінгі қоғамға сын айтқанына нақты дәлелдер келтірген. Аталған шығарманы «Ай-Қарагөз» деген атаумен қойған Т.Теменов ұлттық нақыш пен натурализмді ұстанып, қоршаған ортаны барынша табиғи көрсетуге тырысыпты. Сондай-ақ, «Қарагөзді» саундрама бағытында сахналаған Ф.Молдағалидің шығармашылық жетістікке жеткенін осы тараудан біле аламыз. Мұнда дыбыс, үн, пластикалық қимыл, би, ым мен ишара, түрлі пантомимолық әдістер мен қимылдар, т.б. пайдалану спектакльдің мәнін барынша ашқан.

Осы бөлімнің «М.Әуезовтің прозалық шығармаларының сахналық жүйесіндегі театрлық формалар мен жаңашылдық» деп аталатын тарауында М.Әуезов повесінің желісі бойынша «Қилы заман» спектаклін қойған Ә.Рахимовтың көркемдік шешімі талданады. Және осы шығарма негізінде «Бәкей қыз» драмасының сахналануы докторанттың назарынан тыс қалмаған. Патшалық Ресейдің өткен ғасырдың басында қазақ халқына көрсеткен қысымынан туындаған оқиғалар желісіне, тарихта «Қарқара көтерілісі» деген атпен қалған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің туындау себебіне, әр оқиға сайын жоғарыдан түсірілетін көлденең ағаштың түрлі қызмет атқаратынына мән берілген. Сол сияқты М.Әуезовтің бай да көркем тілін актерлердің барынша жеткізуге тырысқандығы сараланады.

Б.Атабаевтың «Қаралы сұлу» спектаклінің де көркемдік деңгейінің жоғарылығын осы тараудан біле аламыз. Бұл қойылым өзінің романтикаға, сезімге толы көріністерімен көрерменнің есінде қалған. Тоғайдың сұлу көрінісі, айлы түндегі судың жағалауын көз алдыға алып келу, Қарагөздің (Г.Қазақбаева) суда жыланмен айқасатыны ерекше қызықты да тартымды сахналар болған. Тарауда Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театрының жазушының «Қорғансыздың күні» әңгімесін алғашқылардың бірі болып қолға алғандығы айтылады. Сахналық жүйе авторы әрі режиссер Ә.Оразбеков дүниежарықтағы жақсылық атаулы мен жамандықтың белгілерін Жарық пен Түнектің маңайына жинақтапты, мұнымен ол жаман мен жақсының текетіресін үлкен мәселе ретінде қозғаған. Осы шығарманың Б.Римова атындағы Талдықорған облыстық драма театрының сахнасында Ф.Молдағалидың режиссурасымен мүлдем бөлек шешімде қойылғаны да айтылады. Мұнда Ғазизаны қорлайын сахнаны нәзік эстетикамен жеткізгеніне басымдық берілген.

Қ.Қуанышбаев атындағы театрдың репертуарындағы «Қараш-қараш оқиғасы» повесінің сахналық жүйесі Ә.Оразбековтың режиссурасымен қойылған. Қарапайым қорғансыз халықтың ауыр тұрмысы баяндалатын шығарманың эпикалық тынысын, өмір құбылыстарын шашыратпай сахналық ауқымды дүние жасаған режиссердің ізденісі кешенді түрде талданған. Мұнда Бақтығұлдың қиын тағдыры арқылы дәл осындай күйде жүрген кедейлердің жайын ұғындыру мақсатында кейбір сахналарды қараңғы, күңгірт бояуда бейнелегендігіне маңыздылық беріліпті. Жалпы докторант «Қараш-қараш оқиғасын» сахналауда Ә.Оразбековтің шығарманың тақырыбына, өмірлік фактісіне, мәтініне, сюжет желісіне баса назар аудару арқылы сахналық қойылымға қажетті жаңашылдықты таба білгендігіне тоқталған.

Қорыта айтқанда, А.Әкімбектің 6D040600 – «Режиссура» бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» атты докторлық диссертациясының ғылыми тұжырымдары анық. Докторант М.Әуезовтің драмалық және прозалық шығармаларын талдап, зерттеуде тарих пен теорияны ұштастыра алған. Осы тұста зерттеу жұмысының

ғылыми негізін арттыру мақсатында докторантқа төмендегідей ұсыныстарды жолдаймын:

1. Грамматикалық қателермен жұмыс жасау керек.
2. М.Әуезовтің тәуелсіздік жылдарында сахналанған шығармаларына басымдық берген маңызды.
3. Әрбір тараудың қорытындысындағы тұжырымдарды тереңдеткен жөн.

Дегенмен бұл ұсыныстар докторлық диссертацияның ғылыми мәні мен мазмұнына кедергі келтірмейді. Сондықтан А.Әкімбектің «Мұхтар Әуезов шығармаларын сахналау үрдісі: дәстүр мен жаңашылдық» атты докторлық жұмысын Диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:
өнертану кандидаты,
Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА
«Театр өнерінің тарихы мен теориясы»
кафедрасының профессоры

Исламбаева З.У.

